«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

# Өзін-өзі тану

# (36 сағат)

№ 5 «Балапан» тобы

Тәрбиешілер: Кубжанова Ж.О

Самаева Т.Т

2020-2021 жыл

«Өзін - өзі тану оқу» қызметінің тақырыптық – күнтізбелік жоспары

**Білім беру саласы:** Әлеумет

| № | Тақырыбы | Мақсаты | С/с |
|---|---|---|---|
| | | **Қыркүйек Өтпелі тақырып: «Балабақша»** | |
| 1 | І. «Менің балабақшам» Менің сүйікті балабақшам | Құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту; ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту; өзара сыйластыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 2 | ІІ. «Менің достарым» «Менің үйдегі достарым» | « Қамқорлық » ұғымының маңызын түсіндіру; үй жануарларына қамқорлық көрсету туралы түсінік беру; үй жануарларымен жағымды қарым-қаты нас дағдыларын дамыту; жануарларға қамқор лықпен қарауға тәрбиелеу. | 1 |
| 3 | ІІІ. «Менің сүйікті ойыншықтарым» «Мен осындай баламын» | Адамның жақсы қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту, бойларындағы жақсы қасиеттерін дамыту. | 1 |
| 4 | IV. «Жиһаздар» «Менің сезімдерім» | Балаларға адамның сезімдері туралы түсінік беру, бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамыту. Адам ның сезімдері туралы түсінік беру; бала бойында ғы жақсы қасиеттерін дамыту; сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | 1 |
| | | **Қазан Өтпелі тақырып: «Отбасы»** | |
| 5 | І.«Менің отбасым» «Менің отбасым» | Отбасы туралы түсініктерін кеңейту;отбасына деген жағымды қарым-қатынастарын дамыту; отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 6 | ІІ.«Менің көшем» « Мен қамқор баламын » | «Қамқорлық» ұғымының адмгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу. Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру; қамқорлық жасай білу дағдыларын дамыту; қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 7 | ІІІ.«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» «Түсіну мен кешіруді үйренеміз» Өткенді пысықтау | «Кешірім» « өзара түсіністік » адамгершілік қасиеттері туралы түсінік беру;кешірім, түсінісу сөздерінің мағынасын түсіндіру;балалардың жақсы қасиеттерін дамыту; өзара сенім мен түсі нікке тәрбиелеу. | 1 |
| 8 | IV. «Алтын күз» «Отбасылық мерекелер» | Балаларға отбасылық мерекелер туралы түсінік терін кеңейту, қуанышқа көңіл-күй сыйлау дағды ларын қалыптастыру, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | 1 |
| | | **Қараша Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»** | |
| 9 | І. «Өзім туралы» «Менің есімім» | Әрбір баланы қайталанбас жеке тұлға екендігін түсіндіру. Адамның есімі, оның адамға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | 1 |
| 10 | ІІ. «Дұрыс тамақтану.Дәрумендер» Табиғат-денсаулық мекені | Балаларға табиғат пен денсаулықтың өзара үйлесімділігі туралы түсінік беру, денсаулық сақтау дағдыларын дамыту. | 1 |
| 11 | ІІІ. «Өзіне және өзгелерге көмектес» «Бәрі де татулықтан басталады» Өткенді пысықтау | Бір-біріне көмектесе білу дағдыларын қалыптастыру. | 1 |
| 12 | IV. «Біз күштіміз,ептіміз» «Біз шыншыл баламыз» | « Шыншылдық» ұғымының құндылық ретіндегі мәнін ашу; адалдық, шыншылдық қасиеттері туралы түсінік | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Өткенді пысықтау | беру; балалар бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту; шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу. | |
| **Желтоқсан Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»** | | | |
| 13 | І. «Тарихқа саяхат» «Өзін-өзі тану әлеміне саяхат» | «Өзін-өзі тану» пәні туралы түсінік беру, оқу іс-әрекетіне қызығушылықтарын арттыру, өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу. | 1 |
| 14 | ІІ. «Туған өлкем» «Мен Отанымды сүйемін » | «Отан » құндылығы туралы түсініктерін кеңей ту; патриоттық сезімдерін дамыту; Отанын сүюге тәрбиелеу. | 1 |
| 15 | ІІІ. «Астана Отанымыздың жүрегі» «Мен елімнің кішкентай азаматымын!» | Балалардың Отан, туған ел туралы сүйіспеншіліктерін кеңейту. | 1 |
| 16 | ІV. Тәуелсіз Қазақстан «Достық бірлікте» | Қамкорлық, бірлік туралы түсініктерін қалыптас тыру, айнала қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу. | 1 |
| **Қаңтар Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»** | | | |
| 17 | І. Айналамыздағы өсімдіктер « Табиғат - ана» | « Табиғат» құндылығы туралы түсініктерін ке нейту; табиғат пен адамдар арасын дағы байла нысты түсіндіру; таби,атқа қамқорлықпен қызы ғушылықтарын дамыту; табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | 1 |
| 18 | ІІ. Жануарлар әлемі « Мен шыншыл баламын » | « Шыншылдық» ұғымының құндылық ретіндегі мәнін ашу; адалдық, шыншылдық қасиеттері туралы түсінік беру; балалар бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту; шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 19 | ІІІ. Құстар біздің досымыз. «Бәрі де татулықтан басталады» | Бір-біріне көмектесе білу дағдыларын қалыптастыру. | 1 |
| 20 | І V.Ғажайып түс «Табиғат және адам» | Балаларға табиғат пен адам үйлесімділігі туралы түсініктерін кеңейту, табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынас дағдысын дамыту. | 1 |
| **Ақпан Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»** | | | |
| 21 | І. Ғажайыптар әлемі «Жақсылыққа жақсылық» | Достық қарым-қатынас туралы түсініктерін кеңейту, үлкендермен, құрбыларымен сыйластық қарым-қатынас мәдениетін дамыту. | 1 |
| 22 | ІІ.Көліктер Экология | Балаларға отбасындағы татулық туралы түсінік беру. Отбасындағы өзара татулық, өзара түсініс тіктерінің қалыптасуына ықпал ету. Туған, өскен үйде тату. | 1 |
| 23 | ІІІ. Электроника әлемі «Адам болам десеңіз...» | Адамгершілік туралы түсініктерін кеңейту, бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету, жақсылық жасай білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 24 | І V .Мамандықтың бәрі жақсы «Ризамын саған, «Өзін-өзі тану әлемі!» | Өзін-өзі тану оқу іс-әрекетінен алған білімдерін, іскеліктерін қорытындылау. Балалар бойындағы жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету, адамгершілікке тәрбиелеу. | 1 |
| **Наурыз Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»** | | | |
| 25 | І. Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері | Балаларға Наурыз мерекесінің ерекшелігін түсіндіру, жақсы қарым-қатынастарын дамыту, ұлттық салт- | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | «Наурыз-жақсылық бастауы» | дәстүрлерді қадірлей білуге тәрбиелеу. | |
| 26 | II.Ертегілер елінде.Театр әлемі<br>«Отбасындағы қуаныш» | «Бақыт», «қуаныш» құндылықтарының мәнін түсіндіру.Отбасында үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету; отбасын мүшелеріне қамқорлық, жанашыр сезімдерін дамыту; отбасындағы өзара сыйластыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 27 | III. Өнер көзі халықта<br>«Қонақ келсе - қуаныш» | «Қонақжайлық » ұғымы туралы түсінік беру; жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту; әдептілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 28 | IV.Нұр төккен,гүл көктем<br>«Достық әлемі» | Достық,татулық, бірлік туралы түсініктерін қалыптастыру, айнала қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу. | 1 |
| **Сәуір Өтпелі тақырып: «Біз еңбеккор баламыз»** | | | |
| 29 | I. Аялайық гүлерді<br>«Жақсылыққа жақсылық»<br>Өткенді пысықтау | Достық қарым-қатынас туралы түсініктерін кеңейту, үлкендермен, құрбылармен сыйластық қарым-қатынас мәдениетін дамыту. | 1 |
| 30 | II. Ас атасы нан<br>«Мен көмекшімін» | Балаларға отбасындағы татулық туралы түсінік беру. Отбасындағы өзара татулық, өзара түсініс тіктерінің қалыптасуына ықпал ету. Туған, өскен үйде тату. | 1 |
| 31 | III.Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі<br>«Мен қамқор баламын» | «Қамқорлық» ұғымының адмгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу. Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру; қамқорлық жасай білу дағдыларын дамыту; қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 32 | IV Еңбек бәрін жеңбек<br>« Менің туыстарым » | « Өзара сыйластық», ұғымның адамгершілік туралы түсінік беру; туыс, туысқан ұғымы жай лы түсінік беру; туыстарға деген сыйластық қарым-қатынастарын дамыту; өзара сыйластыққа тәрбиелеу. | 1 |
| **Мамыр Өтпелі тақырып: «Біз еңбеккор баламыз»** | | | |
| 33 | I. Достық біздің тірегіміз<br>«Достық неден басталады?» | Балаларға «дос», «достық» құндылығы туралы түсінік беру, достарға деген мейірімді қарым-қас-тынасқа үйрету, достаса білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 34 | II. Отан қорғаушылар<br>« Сәлемдесе білемін » | Балаларға сәлемдесу, амандасу туралы түсінік беру; балаларды сәлемдесе білуге үйрету; балалар бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту; әдептілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 35 | III. Көңілді жаз<br>« Менің туған күнім » | жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру; туған күн қуанышы туралы түсінік беру; өзара сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту; сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 36 | IV Мен жасай аламын.<br>«Түсіну мен кешіруді үйренеміз » | «Кешірім» « өзара түсіністік » адамгершілік қасиеттері туралы түсінік беру;кешірім, түсінісу сөздерінің мағынасын түсіндіру;балалардың жақсы қасиеттерін дамыту; өзара сенім мен түсі нікке тәрбиелеу. | 1 |
| **Барлығы 36 сағат** | | | |

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні 04.IX.20ж.
**Білім саласы:**әлеуметтік
**Бөлімі:**Өзін-өзі тану
Тақырыбы: «Менің сүйікті балабақшам»
Мақсаты:балалардың тәрбиеші апайларына деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.
Міндеттері: 1.балабақшадағы үлкендердің еңбегі туралы түсінік беру. 2.тәрбиешіге деген құрмет сезімдерін дамыту. 3.өзара сыйласымдылық қарым-қатынаска тәрбиелеу.
Көрнекі құралдар:дәптер,түрлі түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер.
Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезең<br><br>Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Рефлексия | 1.Шаттық шеңбері: «Тілек шоғы»<br>«Біз бақытты балдырған» М.Дауылбаевтың әнін орын-дау<br>2.Әңгімелеу: «Жақсы адам боп шығамыз» О.Асқар Сұрақ-жауап арқылы талдау<br>-Балалар,балабақшада бізге ең жақын адам кім деп ойлайсыңдар?<br>3.Тыныштық сәті: өздерін табиғат аясында отырғанда-рын сезіндіру.<br>4.Дәйексөз: Қ.Мыңжанның «Шуағына бөлеген, аялаған, демеген,тәрбиеші апайлар, мейірімді не деген!» өлең жолдарын түсіндіру.<br>5.Ойын: «Интервью»<br>Шарты:Балалар тәрбиешінің жанына келіп өздерін қызықтыратын сұрақтарын қояды.<br>6.Сергіту сәті: «Бала,бала,баламыз»<br>7.Ғажайып сөздер<br>-балалар сабақта айтып,үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады.<br>8.Қортындылау<br>-Тәрбиеші апайымыз біздің ең жақын адамдарымыздың бірі екенін,олар бізге тек қана жақсылық тілейтінін білдік,сондықтан да тәрбиеші апайларымызды тыңдап,сыйлауымыз керектігін түсіндік.<br>9.Жүректен жүрекке:қолдарындағы жүректерін сыйлай отырып, жылы лебіздерін білдіреді. | -Жанында тұрған баланың гүліне өз гүлін қосып тілек айтады.<br>-Тыңдайды.<br>-сұраққа жауап береді.<br><br><br><br><br><br>-тыңдап өз білген-дерін қосады.<br><br><br><br>-өздерін журналист ретіне қояды.<br>-қимыл жасайды.<br><br><br><br><br><br>-өз тілектерін айтады. |

Білу:тәрбиеші туралы түсінік алу.
Игеру:тәрбиешінің атқарып жүрген міндетін түсіну.
Меңгеру:жаңа сөздерді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні 11.IX.20__

Білім саласы:әлеуметтік

Бөлімі:Өзін-өзі тану

Тақырыбы:Менің үйдегі достарым.

Мақсаты: «қамқорлық» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:1.үй жануарларына қамқорлық жасау туралы түсініктерін кеңейту. 2. үй жануарларына қамқорлық жасай бі-лу дағдыларын дамыту. 3.Қамқорлыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар:дәптер,түрлі түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер,карта.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезең | 1.Шаттық шеңбері: ойыншық күшікке өз сүйіс-пеншіліктерін білдіреді.<br>-Сен қандай сүйкімдісің.<br>-Сен қандай әдемәсің.<br>-Сен менің досымсың. | -жылы сөздер айтады. |
| Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі | 2.Әңгімелесу<br>-Балалар,сендер қандай үй жануарларын жақсы көресіңдер?<br>-Оларға қандай қамқорлық жасауға болады?<br>3.Әңгімелеу: «Жеті қазынаның бірі» аңыз.<br>-Ит неліктен достыққа адамды таңдады?<br>- «Ит –адамның досы» деп неліктен айтады?<br>4.Өлең жолдарын оқу: «Ақ лақ», «Қозы», «Күші-гім», «Шөжелерім», «Ақ бұзау».<br>5.Дәйексөз: «Ит-жеті қазынан бірі» нақыл сөз.<br>6.Сергіту сәті:<br>Көтеріліп шаңырақ<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өріліп,<br>Уықтар боп иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй боп көрінер.<br>7.Дәптермен жұмыс:кішкентай достарының суретін салыңдар.<br>8.Тыныштық сәті.<br>9.Ғажайып сөздер: Ит-адамның досы,көмекшісі. | -сұрақ-жауап.<br><br>-аңызды тыңдап,сұрақтарға жауап береді.<br><br>-қимыл жасайды.<br><br>-өзі жақсы көретін жануар-дың суретін салады. |
| Рефлексия | 10.Қортындылау<br>-Біздер кішкетай достарымыз деп нелерді айта аламыз?<br>-Неліктен итті жеті қазынаның бірі дейді?<br>-Жылы лебіздерін білдіру.<br>11.Жүректен жүрекке<br>Қолдарын жүректеріне қойып, «Мен кішкентай достарымды жақсы көремін,өйткені ...» деп өз ойларын айтады. | -сөздерді қайталайды.<br><br>-сұрақтарға жауап береді.<br>өз ойларын айтады. |

Білу: кішкентай достар туралы түсінік алу.

Игеру:жануарларға әрқашан қамқор болу керек екенің түсіну.

Меңгеру: дәйексөзді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**

Күні 18 IX 2016

**Білім саласы**:әлеуметтік

**Бөлімі**:Өзін-өзі тану

Тақырыбы:Мен осындай баламын.

Мақсаты: «жақсы адам»сөзінің мағынасын түсіндіру.

Міндеттері:1.адам бойындағы жақсы қасиеттер туралы түсініктерін бекіту. 2.жақсы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. 3.өзін құрметтей,бағалай білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар:дәптер,түрлі түсті карындаштар,сюжеттік суреттер.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезең | 1.Шаттық шеңбері:<br>Кіп-кішкентай болсам да,<br>Мен тәртіпті баламын.<br>Үлкендерді мен сыйлаймын,<br>Бәрін де жақсы көремін! | -бірге қайталайды. |
| Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі | 2.Әңгімелесу: А.Меңжанова «Болайықшы осындай»<br>Жақсы бала еңбекшіл,<br>Ер азамат болады.<br>Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүлге толады.<br>Еңбекшіл осындай<br>Болайықшы,досым-ай.<br>-Өлеңдегі бала қандай бала екен?<br>-Сендер өздерінді қандай баламын деп ойлайсыңдар?<br>-Адамның қандай істері оның жақсы екенін көрсетеді?<br>-Айналасындағыларға көмектесетін адамды қайырымды деп айта аламыз ба?<br>3.Жағдаяттарды талдау:<br>а)Самат ертеңгісін топқа келгенде тәрбиешіге,достарына бір сөзді айтуды ұмытып кетті.Ол қандай сөз?<br>Б)Топтағы бөлме гүлдерін суғарамыз деп Айгүл мен Айжан байқаусызда гүлдің бір бұтасын сындырып ал-ды.Ертеңінде оны байқаған апай: «Балалар,мына гүлді кім сындырды?»-деп сұрады...<br>-Сендер Айгүл мен Айжанның орнында болсаңдар,осы сұраққа қалай жауап берер едіңдер?<br>В)Сәуле ойыншықтарын жинап қойып еді,Аслан оны қай-тадан шашып тастады. Сәуле мен Асланды қандай балалар деп айтуға болады?<br>4.Сергіту сәті:<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз,күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне,біздер қандаймыз!<br>5.Дәйексөз: «Жақсыдан үйрен,жаманнан жирен».<br>6.Шығармашылық жұмыс.Жоба-коллаж.<br>7.Ғажайып сөздер:<br>-Мен жақсы баламын.<br>- Жақсыдан үйрен,жаманнан жирен. | -өлең жолдарын тың-дап, сұрақтарға жауап береді.<br><br>-жағдаяттарды шешеді.<br><br>-өлең жолдарын қимылмен көрсетіп отырады.<br><br>-газет шығарады. |
| Рефлексия | 8.Қортындылау<br>-Балалар,бүгін нені үйрендік?<br>-Жақсы,еңбекқор бала қандай болады?<br>-Бүгінгі істі ертеңге қалдыруға бола ма?<br>-Қамқор бала қандай бала?<br>9.Жүректен жүрекке: балалар шеңберге тұрып құшақ-тасып, бір-біріне жасаған қамқорлығы,сыйлаған қуанышы үшін алғыстарын білдіреді. Мысалы: Ойыншықтарды бө-лісkенің үшін рахмет! Көмектескенің үшін рахмет! | -сөздерді естеріне түсіріп қайталап айтады.<br>-сұрақтарға жауап береді.<br><br>-сыйқырлы сөздер айтады. |

Білу: «достық,қамқорлық,жақсылық» туралы түсінік алу.

Игеру: «достық,қамқорлық,көмек» ұғымдарының құндылығын түсіну.

Меңгеру: жаңа сөздерді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні 25 IX .20 ж

**Білім саласы**:әлеуметтік

**Бөлімі**:Өзін-өзі тану

Тақырыбы: «Менің сезімдерім».

Мақсаты:Адамның сезімдері,оның адамға тигізетін әсері туралы түсінік беру.

Міндеттері:1.-Адамның сезімдері туралы түсінік беру; 2.-Бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамыту;3.-Сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар:дәптер,түрлі түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер.Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық кезең | 1.Шаттық шеңбері:Балалар шеңбер құрып, төменде берілген Ө. Тұрманжановтың «Кел, балалар күлейік» өлеңін үнтаспаға қосылып тәрбиешімен бірге айтады.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді болып жүрейік! | -қимылмен көрсетеді.<br>-балалар алған әсерлерін ортаға салады. |
| Із[illegible]іс ұй[illegible]мдастыру кезеңі | Әңгімелесу<br>-Бүгін көңіл күйлерің қандай?<br>-Адамның неліктен көңіл-күйі өзгереді?<br>Балалардың жауаптары<br>-Балалар бүгін біз сендермен адамның көңіл күйі, сезімдер жайлы әңгімелесеміз.Адам сезімдері арқылы айнала қоршаған ортадағы дүниелер мен құбылыстардың адамға әсерін сезініп, байқап, қабылдайды.Адамның сезімі оның көңіл-күйіне, ниетіне байланысты әр түрлі көрініс береді.Яғни, адамның сезімі өзіне, басқа адамдарға,айналасындағы дүниеге қатынасын бейнелеп тұрады.<br>Әңгімелеу<br>Әдептілік әлемі.<br>Қарсы ал ерте күн көзін<br>Төсегіңді жина өзің,<br>Асықпай іш тамақты,<br>Жалама аяқ-табақты......<br>Ойын «Көкпар» қимылды ойыны<br>Сахналау<br>«Жақсы көңіл-күй сыйлаймыз»<br>Балалар төмендегідей жұптасып тұрады:<br>-үлкен мен кіші<br>-ата мен бала<br>-әже мен бала<br>-ана мен бала<br>-әке мен бала<br>-іні мен қарындас, т.б. болып бір-бірінің көңіл-күйін көтеру үшін бір-бірін мадақтап,жылы сөздер айтады. | -әңгімені тыңдайды.<br>-сұрақтарға жауап береді.<br>-мағынасын айтады.<br>-сөздерді қайталап айтады.<br>-Қимыл жасайды. |
| Рефлексия | Ғажайып сөздер<br>-Көңіл-күйіңді басқара біл!<br>-Сезімтал бол!<br>-Жақсы көңіл-күй жанды жадыратады.<br>Жүректен жүрекке<br>Балалар шеңбер құрып,шаттық шеңберде айтқан Ө.Тұрманожановтың «Кел, балалар, күлейік»өлеңін үнтаспаға қосылып тәрбиешімен бірге айтады. | сұрақ-жауап арқылы тақырыпты қор-тындылайды.<br>-қосылып ән айтады. |

Білу: адамның сезімдері туралы түсінік алу.

Игеру: өз бойындағы жақсы қасиеттерді дамыта білу.

Меңгеру: жаңа сөздерді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні__02 X 2014__
Білім саласы:әлеуметтік
Бөлімі:Өзін-өзі тану
Тақырыбы:Менің отбасым.
Мақсаты: «сүйіспеншілік» ұғымы туралы түсінік беру.
Міндеттері:1.отбасындағы сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту. 2.сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. 3.сыйластыққа,сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
Көрнекі құралдар:дәптер,түрлі түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер.
Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезең | 1.Шаттық шеңбері:<br>-Сәлеметсің бе,Марғұлан,сен ақылдысың.<br>- Сәлеметсің бе,Камила,сен әдемісің.<br>- Сәлеметсің бе,....,сен сабырлысың. | -бір-бірлеріне жылы сөздер айтып амандаса-ды. |
| І[illegible]ніс ұйымдас-тыру кезеңі | 2.Әңгімелеу: В.Сухомлинскийдің «Бір ананың жеті қызы».<br>-Қыздар з анасына сүйіспеншіліктерін қалай біл-дірді?<br>-Сендер аналарыңа сүйіспеншіліктеріңді қалай білдіресіңдер?<br>«Менің апам», «Бөпем» өлеңдерін оқу. | -әңгімені тыңдап, сұрақ-тарға жауап береді. |
| | 3.Дәйексөз:«Ұяда не көрсең,ұшқанда соны ілесің».<br>4.Өзіммен-өзім:сүйікті отбасы мүшелерін көз алдарына елестету.<br>5.Дәптермен жұмыс:<br>-Суретпен жұмыс.<br>-Бояу жұмысы. | -тыңдайды.<br><br><br><br><br>-өздік жұмыс жасайды. |
| | 6.Сергіту сәті:<br>Атамның алып күрегін,<br>Ауланың қарын күредім.<br>Әжеме мен құдықтан,<br>Су әкеліп беремін.<br>Еденді де жуамын,<br>Шаң-тозаңды қуамын. | -қимыл жасайды. |
| | 7.Ғажайып сөздер: отбасы, қуаныш, шаттық, мейі-рімділік, қамқорлық, сүйіспеншілік. | -қайталап айтады. |
| Рефлексия | 8.Қортындылау:<br>-Балалар,біз бүгін кімдер туралы әңгімелестік?<br>-Отбасы қандай болу керек?<br>-Қандай ғажайып сөздермен таныстық? | -сұрақтарға жауап бере-ді. |
| | 9.Жүректен жүрекке: Н.Әлемқұловтың «Балалы үй-базар» өлеңі. | -шеңберге жиналып бір шумағын қайталайды. |

Білу: отбасы туралы түсінік алу.
Игеру:сүйіспеншілік туралы білу.
Меңгеру:жаңа сөздерді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні 09.X. 20..ж.

**Білім саласы**:әлеуметтік

**Бөлімі**:Өзін-өзі тану

Тақырыбы:Мен қамқор баламын.

Мақсаты:«қамқорлық»ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу.

Міндеттер:1.«қақорлық»ұғымы туралы түсініктерін кеңейту. 2.бойларындағы жақсы қасиеттерді дамыту. 3.Жақсы, әдепті, ақылды, болуға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар:дәптер,түрлі түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезең | 1.Шаттық шеңбері: Б.Ысқақовтың «Өзім жақсы баламын» өлеңін оқу.<br>2Әңгімелеу<br>-«Өзін-өзі тану»әлемінде нені үйренуге болады?<br>-Жақсы бала деп кімді айтуға болады?<br>3.Әңгімелеу: «Жақсылық пен жамандық» ертегісі.<br>-Қалай ойлайсыңдар, Жақсылықтың бойында қандай қа-сиеттер басым? | -бірге айтады.<br><br>-балалардың жауапта-ры тыңдалады. |
| Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі | -Жамандықтың ісін қалай бағалар едіңдер?<br>-Ал, сендир өздеріңді қандаймын деп ойлайсыңдар?<br>4.Өзіммен-өзім<br>5.Ойын «Жақсы бала қандай?»<br>Шарты: балалар шеңберге тұрып, төмендегідей сөздерді жылдам айтып,бір-бірінің алақандарын ұрады.<br>-Жақсы бала ұқыпты.<br>-Жақсы бала сыпайы.<br>-Жақсы бала мейірімді.<br>-Жақсы бала өз отбасын жақсы көреді. ....<br>6.Дәптермен жұмыс:сурет бойынша әңгіме құрастыру.<br>7.Дәйексөз: «Жақсы бала жағадағы құндыз, аспандағы жұлдыз».<br>8.Сергіту сәті:<br>Атамның алып күрегін,<br>Ауланың қарын күредім.<br>Әжеме мен құдықтан,<br>Су әкеліп беремін.<br>Еденді де жуамын,<br>Шаң-тозаңды қуамын. | -тыңдайды.<br>-сұрақтарға жауап береді.<br><br>-жақсы баланың қа-сиеттерін айтады.<br><br>-сөйлем құрайды.<br><br>-қимыл жасайды. |
| Рефлексия | 9.Қортындылау<br>-Балалар, бүгін «Өзін-өзі тану» әлеміне саяхатымызда біз отбасы,балабақша,достар,туған жеріміз,табиғат туралы әңгімелестік.<br>-Қандай ұғындармен таныстық?<br>-«Өзін-өзі тану»бізді неге үйретті?<br>10.Жүректен жүрекке :<br>Біз ұқыпты баламыз ,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Кірлесе егер киіміміз,<br>Өзіміз жуып аламыз<br>Едендегі шаңдарды<br>Шаңсорғышпен сорамыз.<br>Біздің қолда он саусақ,<br>Барлық іске жарамды. | сұрақтарға жауап береді.<br><br>-өлең жолдарын қайталай отырып, қимыл жасайды. |

Білу: «жақсы бала» туралы түсінік алу.

Игеру: «жақсы» ұғымы,оның қасиеттерін түсіну.

Меңгеру: жаңа сөздерді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні 16 X. 20..

**Білім саласы:** әлеуметтік

**Бөлімі:**Өзін-өзі тану

Тақырыбы: «Түсіну мен кешіруді үйренеміз»

Мақсаты:балаларға «жақсы сөздің» адамдарға әсері туралы түсіндіру.

Міндеттері:1.адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсініктерін кеңейту. 2.өзіне деген сенімділігін дамыту. 3.өзін-өзі тани білуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.

Көрнекілік: дәптер,түрлі түсті қарындаштар,сюжетті суреттер.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезең | 1.Шаттық шеңбері: Ә.Дүйсенбиевтің «Не деу керек?» өлеңін оқу. | -тыңдайды. |
| Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі | 2.Әңгімелесу<br>-Жаңа орындалған өлеңнен не түсіндіңдер? | -сұрақтарға жауап береді. |
| | 3. Әңгімелеу: «Сыпайы қоян» ертегісі.<br>Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою.<br>-Қоянды қатерден не құтқарды?<br>-Жылан неліктен қоянға тимеді?<br>Әңгіме: «Жақсы мен жаман».<br>-Гүлдің жабырқауына не себеп болды?<br>-Арам шөптің қылығын қалай бағалар едіңдер?<br>4.Дәйексөз: «Жақсы сөз-жанға қуат».<br>5.Тыныштық сәті. | -ертегінің мазмұнын сұрақ-жауап арқылы талдайды. |
| | 6.Ойын: «Не деу керек?»<br>Шарты:сыпайы,әдепті сөздерді айту. | -әпті сөздерді айтады. |
| | 7.Ғажайып сөздер:жолың болсын;құтты болсын;аман бол;қайырлы күн;күнің сәтті болсын. | -сөздерді қайталау. |
| | 8.Сергіту сәті:<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз.<br>Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір.<br>Біз бақытты баламыз,<br>Гүл-гүл жайнап жанамыз.<br>Жаттығулар жасасақ,<br>Жақсы сергіп қаламыз. | -қимыл-қозғалыс жасайды. |
| Рефлексия | 9.Қортынды<br>-Бүгін қандай сөздермен таныстық?<br>-Әдепті бала қандай сөздер айтады?<br>10.Жүректен жүрекке. | -өткенді естеріне салып, сұрақтарға жауап береді. |

Білу: әдептілік туралы түсінік алу.

Игеру:әдепті,сыпайы адам туралы білу.

Меңгеру:жаңа сөздерді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні 23.Х.2014
Білім саласы:әлеуметтік
Бөлімі:Өзін-өзі тану
Тақырыбы:Отбасылық мерекелер.
Мақсаты: «сүйіспеншілік» ұғымы туралы түсінік беру.
Міндеттері:1.отбасындағы сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту. 2.сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. 3.сыйластыққа,сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
Көрнекі құралдар:дәптер,түрлі түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер.
Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезең<br><br>Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі<br><br>Рефлексия | 1.Шаттық шеңбері:<br>-Сәлеметсің бе,Марғұлан,сен ақылдысың.<br>- Сәлеметсің бе,Камила,сен әдемісің.<br>- Сәлеметсің бе,....,сен сабырлысың.<br>2.Әңгімелеу: В.Сухомлинскийдің «Бір ананың жеті қызы».<br>-Қыздар з анасына сүйіспеншіліктерін қалай біл-дірді?<br>-Сендер аналарыңа сүйіспеншіліктеріңді қалай білдіресіңдер?<br>«Менің апам», «Бөпем» өлеңдерін оқу.<br>3.Дәйексөз:«Ұяда не көрсең,ұшқанда соны ілесің».<br>4.Өзіммен-өзім:сүйікті отбасы мүшелерін көз алдарына елестету.<br>5.Дәптермен жұмыс:<br>-Суретпен жұмыс.<br>-Бояу жұмысы.<br>6.Сергіту сәті:<br>Атамның алып күрегін,<br>Ауланың қарын күредім.<br>Әжеме мен құдықтан,<br>Су әкеліп беремін.<br>Еденді де жуамын,<br>Шаң-тозаңды қуамын.<br>7.Ғажайып сөздер: отбасы, қуаныш, шаттық, мейі-рімділік, қамқорлық, сүйіспеншілік.<br>8.Қортындылау:<br>-Балалар,біз бүгін кімдер туралы әңгімелестік?<br>-Отбасы қандай болу керек?<br>-Қандай ғажайып сөздермен таныстық?<br>9.Жүректен жүрекке: Н.Әлемқұловтың «Балалы үй-базар» өлеңі. | -бір-бірлеріне жылы сөздер айтып амандаса-ды.<br><br>-әңгімені тыңдап, сұрақ-тарға жауап береді.<br>тыңдайды.<br><br>-өздік жұмыс жасайды.<br><br>-қимыл жасайды.<br><br>қайталап айтады.<br><br>-сұрақтарға жауап бере-ді.<br><br>-шеңберге жиналып бір шумағын қайталайды. |

Білу: отбасы туралы түсінік алу.
Игеру:сүйіспеншілік туралы білу.
Меңгеру:жаңа сөздерді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні 30. X .20 ж.

**Білім саласы:**әлеуметтік

**Бөлімі:**Өзін-өзі тану

Тақырыбы: «Менің есімім»

Мақсаты:балалардың өзіндік «Менің»ұғындыру.Өздерін тануға,өз ерекшіліктерін білуге үйрету.

Міндеттері:1.балалардың өзіндік «Менің»ұғындыру,түсіндіру. 2.өздерін тануға,өз ерекшіліктерін білуге үйрету. 3.Өз бастарын сыйлауға,бағалай білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар:дәптер, «Өзін-өзі тану»әлемінің картасы,түрлі-түсті карындаштар.

Әдіс-тәсілдер:түсіндіру,көрсету,әңгімелеу,сұрақ-жауап.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық кезең | 1.Шаттық шеңбері: Қ.Ыдырысовтың «Келші, келші, балашым» өлеңін оқу. | -тыңдайды. |
| | 2.Әңгімелеу<br>-Өлеңді тыңдап отырғанда қандай сезімде болдыңдар?<br>-Өлеңнен не ұқтыңдар? Қандай жолдары естеріңде қалды?<br>-Балалар біз бір-бірімізге ұқсаймыз ба? | -сұрақтарға жауап береді. |
| | 3.Ойын «Өзімізді мақтайық»<br>Шарты:өз бойларындағы жақсы қасиеттерін айтады. | -зейін қойып тыңдайды. |
| Ізденіс ұйымдастыру кезеңі | 4.Дәптермен жұмыс<br>-жүректің суретін салу | -жүректің суретін салады. |
| | 5.Әңгімелеу: Ж.Саинның «Кім болам?» өлеңін оқу.<br>6.Ғажайып сөздер<br>-Мен жақсы баламын;<br>-мен ерекше баламын;<br>-мен өзімді жақсы көремін;<br>-менің қолымнан бәрі келеді. | -қайталап айтады. |
| Рефлексия | 7.Қортындылау<br>-Бүгін не туралы әңгімелестік?<br>-Жақсы адам болу үшін қандай болу керек?<br>8.Жүректен жүрекке<br>Үнтаспадан Қ.Ыдырысовтың «Келші, келші, балашым» әнін косылып айтады. | -Өткенді естеріне түсіріп,сұрақтарға жауап береді. |

Білу:ерекше бала қандай болатынын түсіну.

Игеру: әр бала ерекше екені туралы түсінік алу.

Меңгеру:ғажайып сөздерді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні 06. XI. 2017

**Білім саласы**:әлеуметтік

**Бөлімі**:Өзін-өзі тану

Тақырыбы: «Табиғат – денсаулық мекені»

Мақсаты: «Табиғат», «денсаулық» құндылықтары туралы түсіндіру.

Міндеттері:1.-табиғат пен денсаулықтың өзара үйлесімділігі туралы түсініктерін кеңейту. 2.-денсаулықты сақтау дағдыларын дамыту.3-тазалыққа ұқыптылыққа тәрбиелеу

Көрнекі құралдар:дәптер,түрлі түсті карындаштар,сюжеттік суреттер.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезең<br><br><br><br>Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі | 1.Шаттық шеңбері:-Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер құрып,бір-бірімен амандасады.Бәрі бірге төмендегі өлең жолдарын қайталайды.<br>Армысың шапағатты Күн – Ана!<br>Армысың қайырымды Аспан – Ана!<br>Армысың мейірімді Жер – Ана!<br>Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!<br><br>Өзіммен – өзім<br>Үнтаспадан құстардың, сылдырап аққан судың, тербелген ағаштардың сыбдыры, табиғаттың сан алуан құбылысының дыбысы естіледі.Балалар көздерін жұмып,тыңдайды.<br>-Қандай дыбыстар етідіңдер?<br>-Қандай әсер алдыңдар?<br>Әңгімелесу<br>-Балалар, қалай ойлайсыңдар бізге күн не үшін қажет?<br>-Күн әлемге жарық беріп, жылытатын планета.Күн бәріне бірдей мейірін, жылуын төгеді.Бізге күнсіз тіршілік жоқ.<br>-Ал ауа не үшін қажет?<br>-Ауасыз бізге тіршілік жоқ. Ауамен біз дем аламыз.<br>-Су бізге не үшін қажет?<br>-Сусыз тіршілік жоқ. Күн, су ауау адам үшін өте қажет.Біз оларсыз өмір сүре алмаймыз.Сондықтан ауаны ластамай,суды үнемдеп пайдалануды үйренейік!<br>Ойын «Не болар еді?»<br>Тыныштық сәті<br>Дәптермен жұмыс<br>-Суретті әдемілеп бояп, әңгімелеп беріңдер.<br>Дәйексөз<br>«Тәні саудың жаны сау»<br><br>Ғажайып сөздер<br>Күн, ауа, су – біздің достарымыз.<br>Күн, ауа, су –табиғаттың бізге берген сыйы. | -бірге қайталайды.<br><br>-Балалардың жауаптары<br><br>-Балалардың жауаптары<br><br>-балалар зейін қойып тыңдайды<br><br>-ойын шартымен танысып,ойынды ойнайды.<br><br>-қимылмен көрсетеді<br><br>-сурет салады |
| Рефлексия | -Бүгін біз табиғат және денсаулық туралы әңгімелестік, оның сұлулығына тамсанып,әуендерін тыңдадық.Күн, ауа, су жер адамның денсаулығына пайдасын, өзара байланысы мен үндестігін білдік. Табиғат пен адамның өмірінің егіз екендігін түсіндік.<br>Жүректен жүрекке | -бірігіп қайталап айтады. |

Білу: табиғат пен денсаулық үйлесімділігі туралы түсіну.

Игеру: денсаулықты сақтау дамыту.

Меңгеру: жаңа сөздерді меңгеріп алу.

МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.

Күні 13.XI 20 ж

Білім саласы:әлеуметтік

Бөлімі:Өзін-өзі тану

Тақырыбы:Бәрі де татулықтан басталады.

Мақсаты: «жақсы көру», «сүйіспеншілік» ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:1. «жақсы көру», «сүйіспеншілік» ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту. 2.айнала қоршаған ортаны, адам-дарды жақсы көру сезімдерін дамыту. 3.айнала қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар:дәптер,түрлі түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
| --- | --- | --- |
| Мотивация-лық кезең<br>Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Рефлексия | 1.Шаттық шеңбері. Е.Елубаевтың «Достық» өлеңін айту.<br>2.Әңгімелесу<br>-Балалар,сендер кімдерді жақсы көресіндер?<br>-Оларды неліктен жақсы көресіндер?<br>-Ал өздеріңді кімдер жақсы көреді?Қалай жақсы көреді?<br>3.Әңгімелеу: «Алғыс» М.Төрежанов.<br>«Бәрінен де жақсы» Л.Толстой.<br>-Өздерің осындай жағдайда қалай жауап берер едіңдер?<br>-Сендердің аналарың қандай?<br>«Көже» А.Флеров.<br>4.Ойын: «Балапан».<br>Шарты:әңгімедегі кейіпкерлердің қимыл-қозғалыстары жасау.<br>5.Дәйексөз: «Дүниедегі ең қымбат-жақсы көру»<br>6.Сергіту сәті:<br>Атамның алып күрегін,<br>Ауланың қарын күредім.<br>Әжеме мен құдықтан,<br>Су әкеліп беремін.<br>Еденді де жуамын,<br>Шаң-тозаңды қуамын.<br>7.Тыныштық сәті.<br>8.Ғажайып сөздер:<br>-Жақсы көру.<br>-Сүйіспеншілікпен қарау.<br>-Сыйлау.<br>-Кешіре білу.<br>-Түсіне білу.<br>9.Қортындылау<br>-Балалар,біз бүгін нені үйрендік?<br>-Адам қандай болу керек?<br>-Адам өз ісіне жауапты болуы керек. | -музыкамен орындайды.<br><br><br><br>-сұрақтарға жауап береді.<br><br><br><br><br>-әңгімелерді зейін қойып тыңдайды.<br>-сұрақтарға жауап береді.<br><br><br><br>-қимыл жасайды.<br><br><br>-дәйексөзді қайталайды.<br><br>-өлең жолдарына қимыл жасайды.<br><br>-жаңа сөздерді қайталайды.<br>-сұрақтарға жауап беру арқылы қортындылайды. |

Білу: «бәрін жақсы көру» туралы түсінік алу.

Игеру:адамның ерекшіліктерін түсіну.

Меңгеру: жаңа сөздерді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні 20.XI.2020.
**Білім саласы**:әлеуметтік
**Бөлімі**:Өзін-өзі тану
Тақырыбы: «Мен шыншыл баламын»
Мақсаты: «Шыншылдық» ұғымының құндылық ретіндегі мәнін ашу
Міндеттері:1.-адалдық, шыншылдық туралы түсінік беру. 2.-балалар бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту.3-шыншылдыққа адалдыққа тәрбиелеу
Көрнекі құралдар:дәптер,түрлі түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер.
Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезең<br><br>Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі | 1.Шаттық шеңбері:-Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер құрып,бір-бірімен амандасады.Бәрі бірге төмендегі өлең жолдарын қайталайды.<br>Арым таза, ақ көңіл,<br>Адалдыққа сенемін.<br>Абыройлы, ақ ниет,<br>Адамдыққа сенемін!<br>Әңгімелесу<br>-Балалар, бүгін біз «шыншылдық» қасиетімен танысамыз.<br>- «Шыншылдық» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>-Шыншылдық – ол адалдықты, әділдікті білдіретін адамның бойындағы жақсы қасиеттердің бірі.Осы қасиеттер жүрегіміз арқылы беріледі.Шыншыл адамның жүрегі жылы, мейірімді болады.Біз бір-бірімізге өтірік айтпауға, ешкімді алдамауға, тек шын сөйлеуге, шыншыл, әділ болуға үйренеміз.<br><br>Әңгімелеу<br>«Төгілген қаймақ»<br>- Мереке мен Дүйсен шындықты айта алды ма ?<br>- Мереке анасына өтірік айтқаннан кейін қандай сезімде болды?<br>- Мереке мен Дүйсен енді өтірік айтады деп ойлайсыңдар ма ?<br><br>Дәйексөз<br>Тәрбиеші «Шыншыл бала – батыл бала» нақыл сөзін сабақтың дәйексөзі ретінде түсіндіреді.<br><br>Ойын «Айна»<br><br><br>Тыныштық сәті<br><br>Дәптермен жұмыс<br>-Әңгіме мазмұны бойынша сурет салыңдар.Әңгімелеп беріңдер.<br>Ғажайып сөздер<br>Шыншыл бала – батыл бала.<br>Өтірік өрге баспайды.<br>-Біз бүгін сабағымызда өтірік пен шындық жайлы білдік. Өтіріктің жаман қасиет екенін, одан аулақ болуды,өтірікші баланы ешкімде жақсы көрмейтінін білдік. Шындықтың ең жақсы қасиет екенін түсіндік. | <br><br>-бірге қайталайды.<br><br><br><br><br>-Балалардың жауаптары<br><br><br><br><br><br>-балалар зейін қойып тыңдайды<br><br>-Балалардың жауаптары<br><br><br><br><br>-ойын шартымен танысып,ойынды ойнайды.<br><br>-қимылмен көрсетеді<br><br>-сурет салады |
| Рефлексия | Жүректен жүрекке<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі- көңіл ажары,<br>Күліп өмір сүрейік! | <br><br>-бірігіп қайталап айтады. |

Білу: шыншылдық туралы түсіну.
Игеру: жақсы қасиеттерді дамыту.
Меңгеру: жаңа сөздерді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні 27. XI. 2017ж.

**Білім саласы:**әлеуметтік

**Бөлімі**:Өзін-өзі тану

Тақырыбы: «Өзін-өзі тану»әлеміне саяхат

Мақсаты: «Өзін-өзі тану»әлемі туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:1.Адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсініктер беру; 2.жақсы істер жасай білу іскерліктерін дамыту 3.өзара қамқорлыққа,сүйіспеншілікке,татулыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар:дәптер, «Өзін-өзі тану»әлемінің картасы,түрлі-түсті қарындаштар.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,саяхат,әңгімелеу.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық кезең | 1.Шаттық шеңбері<br>-Балалар шеңбер неге ұқсайды?<br>-Доппен ойнасақ көңіл күйіміз көтеріледі. Жүзікті сәндік үшін тағамыз.Алма,қарбыз-өте дәмді дәмді жемістер мен көкөністер.Шеңберге ұқсайтын осыншама заттың қаншама қасиеті бар!Шеңберде тұрудың өз ерекшілігі бар. Ол бізге күн сияқты жылу береді,шеңберде тұрып бір-бірімізге жылы тілектер айталамыз. Сондықтан да бұл шеңбер-Шаттық шеңбері деп аталады.<br>2.Әңгімелесу<br>-Балалар, «Өзін-өзі тануә әлемі бізге сыйлық дайындап қойыпты.Алдымен сол сыйлықты тауып көрейік. | -қол ұстасып шеңбер құрап тұрады.<br>-допқа,күнге,айға, алмаға,т.б. |
| Іздеңіс ұйымдастыру кезеңі | -Балаларды түстер арқылы топтарға бөлу.Әр топ өзіне коверт таңдап алады. Жасырылған конверттің ішінде әдептілікке байланысты суреттер шығады.<br>- «Өзін-өзі тану»әлемінде біз көп жақсы істерді жасай білуге үйренеді екенбіз.<br>Сөздік жұмыс: қайырымды, көңілді, қамқор-лық, сүйіспеншілік, тату.<br>3.Ойын: «Мен де жақсы бала боламын»<br>Шарты:мазмұнды суреттер арқылы өздерінің де істеген жақсы істері туралы айтып берулері керек.<br>4.Әңгімелесу<br>-Балалар, «Өзін-өзі тану»әлемі бізге сыйлық дайындап қойыпты. Ол не деп ойлайсың-дар,көрейік!<br>-Дәптер арқылы біз көп нәрселерді көріп үйре-неміз.<br>5.Дәптермен жұмыс<br>-Дәптерде берілген 1-ші аялдаманы бояйды.<br>6.Дәйексөз<br>«Сүйіспеншілік-жүректен» мағынасын түсінді-ру.<br>-Жұмсақ ойыншық «жүректі» талдайды.Өз жү-ректері қандай болатынын түсіндіру.<br>7.Ғажайып сөздердің мағынасын түсіндіру, қай-талау:жақсылық,сүйіспеншілік,қуаныш... | -топтарға бөлiседі.<br>-дәптер,хрестоматия, карта. |
| Рефлексия | 8.Қортындылау<br>-Бүгін біз саяхатымызды бастадық. Қандай құ-ралдар бізге көмекке келді.? -Өзін-өзі тану біз-дерді неге үйретеді? | -жұмырдықтарын салыстырады.<br>-Сұрақтарға жауап береді. |

Білу:өзін-өзі тану әлемі туралы түсінік алу.

Игеру:картамен,дәптермен жұмыс жасай алу.

Меңгеру:жаңа сөздерді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні 04.XII.2020.

**Білім саласы**:әлеуметтік

**Бөлімі**:Өзін-өзі тану

Тақырыбы: Мен отанымды сүйемін.

Мақсаты: «Отан», «сүйіспеншілік», «туған жер» құндылықтарының маңыздылығын түсіндіру.

Міндеттері:1.Отан,сүйіспеншілік,туған жер туралы түсініктерін кеңейту. 2.туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. 3.Туған жерін сүюге,қадірлеуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар:дәптер,түрлі түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық кезең | 1.Шаттық шеңбері:Е.Ерботиннің «Туған жер» өлеңін оқу.Балалар қайталап айтады.<br>Төсекейден жел еседі,<br>Төбемнен бұлт көшеді.<br>Туған жерім мен үшін<br>Көк майсасын төседі. | -қимылмен көрсетеді. |
| Ізденіс ұйымдастыру кезені | 2.Өзіммен-өзім:табиғат аясында отырғандарын сезінді-ру:таза ауа жұту,ағаштың шайқалғанын есту,т.с.с.<br>3.Әңгімелесу<br>-Туған жер дегенді қалай түсінесіңдер?<br>4.Әңгімелеу: Р.Әбілқадырованың «Туған жер туы» әңгімесінен үзінді оқу.<br>-Әжесі мен Асылзат туған жерге сүйіспеншіліктерін қа-лай білдірді?<br>-Өздерің туған жерге деген сүйіспеншіліктеріңді қалай білдірер едіңдер?<br>5.Дәйексөз: «Туған жер-алтын бесік».<br>6.Дәптермен жұмыс:<br>-Туған жерлеріңнің суретін салыңдар.<br>7.Ғажайып сөздер:<br>-Туған жерімді сүйемін.<br>-Туған жерге қамқормын.<br>8.Сергіту сәті:<br>Күн мен ауа және су<br>Бәрімізге керек пе?<br>Иә,иә,иә!<br>Күн жылыну үшін бе?<br>Иә,иә,иә!<br>Күн жарық үшін керек пе?<br>Иә,иә,иә!<br>Ауа тыныс алу үшін бе?<br>Иә,иә,иә!<br>Ауа таза боду керек пе?<br>Иә,иә,иә!<br>Су ішуге керек пе?<br>Иә,иә,иә!<br>Су шынығу үшін бе?<br>Иә,иә,иә!<br>Денеңде күш артты ма?<br>Иә,иә,иә! | -балалар алған әсер-лерін ортаға салады.<br>-әңгімені тыңдайды.<br>-сұрақтарға жауап береді.<br>-мағынасын айтады.<br>-сөздерді қайталап айтады.<br>-Қимыл жасайды. |
| Рефлексия | 9.Қортындылау<br>-Бүгін не туралы әңгімелестік?<br>-Туған жерімізге қандай қамқор жасай аламыз?<br>-Отанды әркашан да қадірлей білу керек.<br>10.Жүректен жүрекке: «Жас дәуірдің түлегіміз» әнін үнтаспадан тыңдау. | сұрақ-жауап арқылы тақырыпты қор-тындылайды.<br>-қосылып ән айтады. |

Білу: «туған жер» туралы түсінік алу.

Игеру: «туған жердің» құндылығы туралы түсінік алу.

Меңгеру: жаңа сөздерді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні 11 XII 20ж.
**Білім саласы**:әлеуметтік
**Бөлімі**:Өзін-өзі тану
Тақырыбы: Мен елімнің кішкентай азаматымын.
Мақсаты: «Отан»құндылығының маңыздылығын түсіндіру.
Міндеттері:1. «Отан», «атамекен» туралы түсініктері кеңейту. 2.Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. 3.Ота-нын сүюге тәрбиелеу.
Көрнекі құралдар:дәптер,түрлі түсті карындаштар,сюжеттік суреттер.
Әдіс-тәсілдер:сұрак-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезең | 1.Шаттық шеңбері:<br>Е.Өтетілуұлының «Отан» атты өлең жолдарын бірге айту.<br>-Балалар,Отан деген сөзді калай түсінесіңдер?<br>2.Әңгімелесу | -өлең жолдарына қи-мыл жасау. |
| Ізденіс ұйымдас-тыру кезені | -Анамызды біз неліктен құрметтейміз,кадірлейміз?<br>-Отанды неліктен «анамыздай» кастерлейміз?<br>-Отанды нелітен «Атамекен» деп аялап айтамыз?<br>-Атамекен деген сөзді біздің үйдегі үлкендеріміз калай түсінеді екен?<br>3.Бейнематериалдар көру: «Отан», «Қазакстан», «Атамекен» тақырыптары.<br>4Дәйексөз: «Отанды сүю отбасынан басталады».<br>5.Әңгімелесу: «Кішкентай ханзада» әңгімесін оку.<br>-Ханның ұлдары Отанына кандай кызмет көрсетті?<br>-Қиыншылық туғанда жауды жеңу үшін халыкка кім калай көмектесті?<br>6.Сахналау<br>Максаты:өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.<br>7.Шығармашылық жұмыс:«Менің Отаным Қазакстан» атты тақырыпка сурет салу.<br>8.Ғажайып сөздер:<br>-Отан-ана,отбасы,туған жер,атамекен.<br>-Отан-Қазақстан.<br>-Мен Отанымды сүйемін!<br>9.Сергіту сәті:<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз,күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне,біздер кандаймыз!<br>10.Қортындылау | -сұрактарға жауап бе-реді.<br>-бейнематериал карайды.<br>-әңгіме тыңдайды.<br>-сұрак-жауап аркылы әңгімені талдайды.<br>өздік жұмыс.<br>-өнегелі сөздерді кай-талап айтады.<br>-кимыл жасайды.<br>-естерінде калғанды, білгендерін ортаға са-лады. |
| Рефлексия | -Бүгін біз әр адам өзінің Отанына,туған өлкесіне ыстык сезімін,сүйіспеншілігін түрлі жолдармен жеткізетінін білдік.<br>-Білім алып,болашакта Отан үшін кызмет етеміз.<br>11.Жүректен жүрекке<br>Ата-бабам жанын койып корғаған,<br>Ак тілегін ұрпағына арнаған.<br>Қазакстан-алтын ұя Отаным,<br>Жайнай берші,мәңгі гүлдеп әркашан. | -өлең жолдарын кай-талап айтады. |

Білу: «Отан,атамекен» туралы түсінік алу
Игеру: «Отан»құндылығының маңыздылығын түсіну.
Меңгеру: жаңа сөздерді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні 25 XII 20 .. 

Білім саласы:әлеуметтік

Бөлімі:Өзін-өзі тану

Тақырыбы:Достық бірлікте.

Мақсаты: «Достық»құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру.

Міндеттері:1.өзара сыйластық,достық,сүйіспеншілік туралы түсінік беру. 2.өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамы-ту. 3.бір-бірімен тату,дос болуға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар:дәптер,түрлі түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер,карта.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезең<br>Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Рефлексия | 1.Шаттық шеңбері: Х.Талғаровтың «Дос болай-ық бәріміз»өлеңі.<br>2.Әңгімелеу:<br>-Балалардың назарын «Өзін-өзі тану» әлемінің картасындағы «Достық»аялдамасына аудару.<br>-Аялдамадағы суретке қарап әңгіме құрайды.<br>-Сендерге жалғыз серуендеген немесе ойнаған ұнай ма?<br>3.Дәйексөз: «Дос-бәрінен де қымбат».<br>-Мақалдың мағынасын түсіндіру.<br>4.Өзіммен-өзім:<br>-Өзімізге досты қалай табамыз?<br>-Неліктен дос керек деп ойлайсыңдар?<br>5.Ойын: «Досыңды тап»<br>Шарты:балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың балаларының көздері таңылып, өз достарын та-ныи, табу ұсынылады. Олар өз досын қолын, шашын,киімдерін ұстап,сипау арқылы табуына болады.Достарын тапқаннан соң орындарын ауыстырады.<br>6.Қимылды ойын: «Поезд»<br>Ойын шарты:2 топқа бөлу.Балалар бір-бірінің белінен ұстап поезд болады,2 топ балалары «Поезд» әнін айтады.<br>7.Дәптермен жұмыс:<br>-«Достасу қадамдарын» үлкендермен бірге оқи-ды. Қадамдарды бояйды.<br>8.Жағдаят шешу:<br>1.-Ғани қандай дұрыс шешім қабылдады?<br>-Достасудың қандай ережесін шығарар едіңдер?<br>2.-Рүстеммен балалар неге ойнағысы келмеді?<br>-Балалардың неліктен Рүстеммен ойнағылары келді?<br>-Осыдан қандай ереже шығаруға болады?<br>3.-Ғанидың досына жасаған ескертуі орынды ма?<br>-Сендер жолдастарыңа дұрыс емес қылықтарын айтасыңдар ма?<br>«Достық ережесі»<br>9.Қортындылау<br>-Бүгін біз не туралы әңгімелестік?<br>-Дос қандай болуы керек?<br>-Достық ережесін қайталау.<br>10.Жүректен жүрекке: «Дос болайық бәріміз» әнін бірге айтады. | -бірігіп айтады.<br><br><br><br><br>-балалардың жауаптары тыңдалады.<br><br>-бірге қайталайды.<br><br><br><br><br>-зал боймен жүріп, әннің сөздерін айтады.<br><br><br>-дәптермен жұмыс жасайды.<br><br><br><br>-жағдаяттарды тыңдап, өз біл-гендерін, өз ойларын ортаға салады.<br><br>бір-бірлерінің жауаптарын талдайды,бағала йды. |

Білу: достық туралы түсінік алу.

Игеру:ең қымбат адам дос екенің түсіну.

Меңгеру: дәйексөзді меңгеріп алу.

**МАД Балапан тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

Күні 31 XII 20...

**Білім саласы**:әлеуметтік

**Бөлімі**:Өзін-өзі тану

Тақырыбы: Табиғат-Ана.

Мақсаты:табиғатқа қамқорлық жасау туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:1. «қамқорлық»туралы түсініктерін кеңейту. 2.жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.
3туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар:дәптер,түрлі түсті карындаштар,сюжеттік суреттер.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық кезең | 1.Шаттық шеңбері:<br>-балалар,барлығымыз Табиғат-Анаға ризашылығымызды білдіріп,рақмет айтайық.<br>-Күн,сәуле шашып,жарқырағаның үшін рақмет!<br>-Жер,дем беріп,күш қосқаның үшін рақмет!<br>-Аспан,таза ауа бергенің үшін рақмет!<br>-Су,өмірдің нәрі болғаның үшін рақмет! | -өлең жолдарына қимыл жасау. |
